

FTAMP 81.15.12

М.Д. Курбанов (orcid 0009-0006-4989-7965)*Фил. ғыл. канд.**Нөкіс мәмлкетлик педагогикалық институты
Нөкіс қ., Өзбекстан, Қарақалпақстан Республикасы
e-mail: muxtar_kurbanov@mail.ru*<https://doi.org/10.55956/SEFU2577>

ҚАРАҚАЛПАҚСТАН ОЙКОНИМДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада топонимдер, ойконимдерді зерттеу, олардың лексикалық негіздеріне қарай семантикалық белгілерін анықтау, лингвистикалық жақтан классификациялау, оның маңызы берілген. Қарақалпақстан ойконимдері семантикалық белгілеріне қарай бір неше топтарға бөліп түсіндірілген.

Тірек сөздер: ономастика, топонимика, топоним, ойконим, лексика-семантика, классификация, номинация.

Кіріспе. Ең алғашқы жер-су атаулары қашан пайда болған, олар не үшін солай аталған деген сұрақтарға жауап табу қиын. Зерттеулерде географиялық объектілердің ішінде ең алдыменен дария мен таулар меншікті атқа ие болған деген болжамдар бар. Топонимист ғалым С.Н.Басик топонимдер пайда болуының себептерін уақыттық көзқарастан талдай отырып, әр бір тарихи дәуір географиялық нысандарға атау берудің өзіне тән тараптарымен ажыралып тұрады деп жазған. Бір дәуірлерде нысандар белгілерге қарай, басқа дәуірлерде кімге тиістілігі, және бірде идеологиялық түсініктерге байланысты аталған [1, 24]. Ертеден-ақ адамдар жер-су аттарының мән-мазмұны, олардың аталу себептерін білуге қызыққан. Ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде топонимдік мәліметтерді беруге тырысқан.

Топонимдерге су нысандары аттары (*гидронимдер*), тау, төбешіктердің аттары (*оронимлер*), атыз, егін жерлері (*агроонимдер*), әулие, зираттар (*некронимдер*) және де мекен орындарының (*ойконимдер*) аттары кіреді.

Әрбір аймақтың топонимиясының үлкен бөлігін ойконимдер құрайды. Ойконимдерге адамдардың (халық) жасау орындары, атап айтқанда, қала, ауыл, кент, көше, қорғандардың меншікті аттары кіреді. Топонимдердің ішінде ойконимдер ұзақ уақыт қолданылуы, өзгерістерге аз ұшырауы, қоғамдық, тарихи, табиғи жағдайлар /шараяттар/, сондай-ақ халықтың мәдени тұрмысын жақсы сәулелендіре алуы оның тіл білімінен басқа тарих, этнография және география ғылымдары үшін бағалылығын және де арттыра түседі. Осы көзқарастан қарағанда, ойконимдерді ғылыми жақтан зерттеп үйрену бүгінгі күнде тіл білімі, оның ономастикасы үшін өзекті мәселе болып есептеледі.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Қазіргі топонимика ғылымы топонимдік материалдарды жан-жақты анализдеудің теориялық негіздеріне және әдістеріне ие. Топонимика тіл, тарих және география ғылымдары тоғысқан жерде пайда болған. Сол себепті топонимика қайсы ғылымның зерттеу объектіне кіреді деген мәселе ғылымпаздар арасында тартысты

болып келе жатыр. Топонимдердің ғылыми тұрғыдан зерттеп үйренуі бір қатар ғылымдар үшін бағалы мәліметтер дерегі бола алады.

Э.М.Мурзаев топонимикалық зерттеуде лингвистика, тарих және география ғылымдарына тиіс талдау әдістерін пайдалану керек деп есептейді [2, 8-9]. Зерттеу нысаны болған аймақ ойконимдерінің семантикалық ерекшеліктері және номинативтік негіздерін талдауда жүйелеп салғастыру, сипаттама жасау, жіктеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Қарақалпақстан ойконимдерінің лексикалық негіздері, семантикалық ерекшеліктерін анықтау барысында олардың лингвистикалық классификациясы алғашқы рет қарастырылып, талданды.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Әр бір аймақта жасап жатырған халық өздерінің қоғамдық-тарихи, тілдік, сондай-ақ ол жердің табиғи-географиялық ерекшеліктерінен келіп шығып топонимдерді қалыптастырады. Оларды ғылыми көзқарастан жүйелі түрде үйрену бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі.

Топонимдерді талдауда белгілі бір классификациядан пайдалану жиналған материалдарды реттеу, тәртіпке салу, кейінгі зерттеулерді жеңілдетеді. А.В.Суперанская: «Топонимдерді классификациясыз талдау және түсіндіру қиын, топонимист өзінің зерттеуінде классификацияның белгілі бір түрінен пайдаланып ғылыми қорытынды шығаруы мүмкін», - деп жазады [3, 148].

Қазіргі дәуір тіл білімі топонимдік материалдарды әр жан-жақты терең анализ етудің теориялық, методологиялық негіздеріне ие. Осы уақытқа дейін ғалымдар арасында топонимдерді классификация етуде түрлі көзқарастар мен әр түрлі пікір таластар бар. Осы кезге дейін топонимдердің барлық сипаттық белгілерін қамти алатын бірден-бір универсал классификация істеп шығылмаған.

Э.М.Мурзаевтың пікірінше, әр қандай аймақ құрамалы, көп тілді және өзгермелі сипатқа ие топонимдер тізіміне ие, сол үшін топонимикада жалғыз классификацияны істеп шығу мүмкін емес [4, 90]. Ал Е.А.Сизова бұл жөнінде: «Топонимика саласында бірдей, ұқсас көзқарастар жоқ және топонимдердің бір неше ғылымдар тарапынан зерттелуіменен байланысты» деп айтып өткен [5].

Топонимдік материалдарды лингвистикалық жақтан зерттеу бүгінгі күнде өте маңызды мәселе болып қала бермек. Тілді жаңа парадигмаларда зерттеу, топонимикалық зерттеулер санының көбейуі тілдік әр түрлі принципке негізделген классификациялардың пайда болуына себеп болмақта. Дегенмен, зерттеулерде көп және кең қолданылатын классификацияның төмендегідей түрлері бар:

1. *Грамматикалық (структура-типологиялық)*
2. *Хронологиялық*
3. *Лексика-семантикалық.*

Біріншісінде топонимдер структурасы, жасалуы, екіншісінде атаудың пайда болу кезеңдері, даму сатылары, үшіншісінде топоним негізінің семантикалық ерекшеліктері басшылыққа алынады.

Әрбір тіл топонимиясының белгілі бөлігін ойконимдер құрайды. Топонимикаға арналған зерттеулерде олардың семантикалық ерекшеліктерін анализ етудің мазмұны және маңыздылығы атап өтілген. В.У.Махпиров: «Лексика-семантикалық классификация этимологиялық талдаудың жалғасы, белгілі дәрежеде оның объектив шындығы болып қызмет етуі керек» деп жазады [6, 157].

Қазақ ономаст ғалымы Т.Жанұзақов топонимикаға арналған зерттеуінде: «Лексика-семантикалық классификацияға назар аударудың ең басты мәні топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мәні-мағынасын ашу, олардың адамның іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірмен байланысын анықтап білу болып табылады» деген еді [7, 175-176].

Ойконимдер семантикасы тек сол объект, нысанға тиісті мәліметтерді білуге көмек беріп қоймайды, соныменбірге, атау берушілердің географиялық объектке болған қатынастарын да көрсетеді. Атаудың мазмұнынан халықтың қоғамдық тұрмысы, табиғи-географиялық белгісі немесе басқа да оқиғаларды аңдауға болады.

С.Қораев бұл жөнінде былай жазады: «... топонимдер белгілі бір мағанаға ие, топонимисттер сөзімен айтқанда, топоним информацияға ие, ол реал құбылысты сәулелендіреді. Топонимдердің осы реал оқиғаны сәулелендіруін есеке ала отырып оларды топтарға бөліп үйрену керек. Топонимдерді классификациялау олардың семантикалық ерекшеліктерін үйрену жұмысын жеңілдетеді» [8, 11].

Ойконимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты классификация көптеген ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Т.Жанұзақов Қазақстан топонимдері, оның құрамында ойконимдерді лексикалық негіздері яғни апеллятивтің мәнілік өзгешеліктеріне қарай төмендегідей түрлерге бөлген:

1. Қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін (*қазба байлықтар, өсімдік атаулары, жануарлар элеми, түске, санға байланысты*) топонимдер;

2. Адамдардың іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірін көрсететін (*көшпелі өмір, жер шаруашылығы, қоғамдық өмір, мал шаруашылығына байланысты*) топонимдер [7, 176].

Қазақстанның Жамбыл облысы ойконимдерінің мағыналық топтары 3.Құламанованың зерттеуінде берілген, автор олардың мәнілік түрлерін бөліуде табиғи және қоғамдық факторларды басшылыққа алған. Ойконимдер классификациясының мынадай түрлері бөліп көрсетілген: 1.Антропоойконимдер; 2.Этноойконимдер; 3.Гидроойконимдер; 4.Фитоойконимдер; 5.Зооойконимдер; 6.Географиялық апеллятивтерге қатысты ойконимдер (*құм, тас, бел, сай, су, т.б.*); 7. Ороойконимдер; 8.«Алтын» сөзі қатысты ойконимдер; 9. Түске байланысты ойконимдер; 10.Санға байланысты атаулар; 11. Табиғат құбылысы; 12. Сырт пішіні және көлеміне байланысты ойконимдер; 13. Елдің қоғамдық тұрмысы жайында мағлұмат беретін атаулар; 14. Кәсіпке байланысты ойконимдер; 15. Микроойконимдер [9, 82-96].

Өзбек тіл білімінде ойконимдер семантикасының ерекшеліктеріне қарай топтастыру алғышқы рет С.Найимовтың диссертация жұмысында орындалған [10, 70]. Зерттеуші аймақ ойконимдерінің мәндік сипаттарын талдай отырып, оларды үш топарға бөліп көрсеткен:

1. *Антропоойконим* – адам есімі, фамилиясынан болған ойконимдер;

2. *Этноойконимдер* – ру, тайпа және ұлтқа байланысты атамалар (*Мыңлар, Найман, Дұрман, Қыпшақ, Кенегес т.б.*);

3. *Неоойконимдер* – жаңадан пайда болған ойконимдер. Оларға *Гүлстан, Гүлбағ, Гүлабад, Мийнет т.б.* атаулар енгізілген.

Өзбекстан ойконимдерінің теориялық және практикалық жақтан мәселелері, әсіресе, лексика-семантикалық жақтан терең үйренген С.Қораев болды. Оның «Тороніміка» деп аталған оқу құралы еңбегінде ойконимдер

топонимдердің айрықша бір түрі ретінде өзіне тән ерекшеліктері, семантикалық белгілеріне қарай түрлері бір қанша пұқта анализделген. Ойконимдер аталу негіздеріне қарай екіге бөлінген:

1. *Табиғи-географиялық ойконимдер:* гидроойконимдер, ороойконимдер, фитоойконимдер, зоойконимдер;

2. *Қоғамдық-экономикалық ойконимдер.* Халықтың қоғамдық тұрмысына байланысты пайда болған атаулар [11, 52-57].

Ғалым ұсынған бұл классификация кейінгі уақыттары осы мазмұндағы зерттеулерде үлгі ретінде қолданылып жүр.

Қарақалпақ тілі топонимикасына арналып орындалған еңбектерде топонимдер (Қ.Әбдимуратов, Қ.Сейтаниязов, Г.Абишов, А.Есемуратов), ойконимдер (И.Холмуратов) және гидронимдер (Г.Мәмбетова), олардың номинациясы, атамаға негіз болған лексикалық бірліктер, мәнілік ерекшеліктеріне қарай семантикалық классификациясы сөз болған, айырымдарында бұл мәселе арнайы үйренілген, нәтижелері дәлелденген.

Қ.Әбдимуратов Қарақалпақстан топонимдерін семантикалық белгілеріне қарай *адам есімі, ру аты, өсімдік, жануарлар* аттарына байланысты пайда болған топонимдер деп бөліп зерттеген. Олардың көпшілігі ауыл, посёлка аттары есептеледі [12, 87-99].

И.Холмуратовтың еңбегінде Қарақалпақстанның оңтүстік аймағы ойконимдері пайда болу және аталуына қарай лексика-семантикалық жақтан алғашқы рет үйренілген. Олар: *этноойконим; антропоойконим; фитоойконим; соцоойконим; көпше ойконим; геоойконим; профессионализм ойконимдер; муқаддес орындар аттарынан болған ойконимдер; зооойконимдер; объектінің саны (мұғдар) негізінде пайда болған топоойконимдер; неоойконимдер* сияқты түрлері бөліп көрсетілген [13, 15].

Белгілі болғанындай, топонимдер зерттеуіне арналған еңбектерде (диссертация, монография) жер-су аттарын семантикалық топтарға бөлуде нәтижелі жұмыстар орындалған. Бір қатар зерттеулерде атау пайда болуының номинациялық белгілері яки қайсы категорияға тиісті тіл бірліктері екені есепке алынған, басқаларында лексикалық негіздің (сөз және онимнің) семантикасына назар аударылған. Берілген классификациялардың жалпы және өзіне тән тәрептері көрінеді.

Топонимдер құрамына кіретін әр қандай материалдардың классификациясын істеп шығу құрамалы және жауапкершілікті мәселе. Қарақалпақстанның арқа аймақтары ойконимдері көлемі, қолданылуы жағынан топонимияның үлкен бөлігін құрайды. Олардың аталу мотивтері, лексикалық негіздердің семантикалық ерекшеліктеріне қарай классификация алғашқы рет істеліп жатыр. Сол үшін алдымен бұл бағдарда орынданған ғылыми зерттеулердегі теориялық пікірлер және ұсыныстар, соныменбірге, жиналған материалдардың талабы, зерттеу мақсаты мен міндеттерінен келіп шығып ойконимдер семантикалық жақтан мынадай түрлерге классификацияланды:

1. Адам есімінен жасалған ойконимдер. Ономастикада меншікті аттардың бір категориядан екіншісіне өтуі жиі болатуғын құбылыс. Антропонимдердің топонимдерге яки топонимдердің антропонимдерге өту тарихы ұзақ дәуірлерге барып тіреледі. Қарақалпақтан ойконимдері құрамында адам есімінен пайда болған ауыл аттары көп кездеседі. Мысалы, *Абатауыл, Дәрібай ауыл(Шымбай) Айтжан ауыл, Орақбай ауыл* (Қараөзек), *Рейім ауыл, Сабыр ауыл(Шоманай), Отарбай ауыл* (Нөкіс р.), т.б. *Бердібай ауыл(Шоманай)*, т.б.

2. Этнонимдерден жасалған ойконимдер. Этнонимлердің жер-су аттарына көшуі топонимнің басқа түрлеріне салыстырғанда ойконимдерде, соң гидронимдерде жиі кездеседі. Қарақалпақстан топонимиясының 1/5 бөлігін этноойконимдер құрайды. Мысалдар, *Айтекеауыл*, *Бексыйықауыл*, *Боқлықтай ауыл* (Кегейлі), *Құйынауыл*, *Самат ауыл* (Қараөзек), *Адай ауыл* (Шоманай, Қоңырат, Қанлықөл, Нөкіс р.), *Табын ауыл* (Шоманай, Қоңырат), *Әлім ауыл* (Хожелі, Қанлықөл) т.б.

Шығысы этнонимлерден болған ойконимдерқандай да бір ру, қауым, ұлттар, олардың тарихы, миграциясы туралы көп мәліметтерді өзінде сақтайды. Сондай-ақ, олар қазіргіуақытта белгісіз немесе жоқ болып кеткен халықтардың көшіп-қону мекендерін анықтауда сенімді дерек бола алады.

3. Өсімдік және жануарлар аттарынан пайда болған ойконимдер. Айырым жер-су аттарының келіп шығу себептерін үйренгенде олар сол орынның жануарлар немесе өсімдіктер әлемі, яғни фауна және флорасынан мәліметтер бере алады. Бұндай жер-су аттарына құс, жануарлар аттарынан келіп шыққан ойконимдерді жатқызуға болады.

Мысалы, *Ақбаслыауылы*, *Боянлы ауылы* (Қоңырат), *Жантақлы ауылы*, *Қамысарық* елаты (Шымбай), *Қамысшалы ауылы* (Хожелі), *Пишенкөл ауылы* (Тахтакөпір) – өсімдік аттары; *Қарабайлы* (Шоманай), *Құлықөл* (Қанлықөл, Тахтакөпір), *Шағалакөл* (Хожелі), *Құтанкөл* (Нөкіс р.), *Бірқазанкөл* (Қоңырат) – жануарлар әлеміменбайланысты мекен аттары.

4. Орынның геоморфологиялық ерекшеліктеріне байланысты ойконимдер. Топонимдер, соның ішінде ойконимдер номинациясында объекті өзіне тән болған характерлі белгісі бойынша атау ең көп таралған және өте қолайлы тәсілдердің бірі. Қарақалпақстан ойконимиясында да жасау орнының табиғи белгісі, геоморфологиялық ерекшеліктері негізінде қалыптасқан мекен жайлар баршылық. Мысалы, *Бозауыл* (Хожелі, Кегейлі, Шымбай), *Боздәуліауылы* (Хожелі), *Боздағы көншіауылы* (Шымбай), *Кебір ауыл* (Тахтакөпір, Нөкіс р.), *Құмауыл* (Хожелі), *Құмдағы ауыл* (Шымбай) т.б.

5. Топонимдер негізінде пайда болған ойконимдер. Мекендеу, өмір сүру орындарына атау беруде қолайлы және көп таралған тәсілдердің бірі – оны жақын жайласқан жердегігеографиялық нысанның атауыменен атап көрсету. Қарақалпақстан топонимиясында меншіктіаттардың бір-біріне өтуі, атап айтқанда, гидронимнің ойконимге, оронимнің гидронимге яки, керісінше, ойконимнің гидронимге өтуі көп байқалады. Республика ойконимдерінің көпшілік бөлігігидронимдермен байланысты пайда болған: *Абатжап* (Кегейлі, Шоманай), *Ақжап* (Хожелі, Шоманай), *Бозжап* (Кегейлі), *Бегжап* (Қанлықөл), *Қойбақжап* (Қараөзек), *Бозжап*, *Сазанжап*, *Таллыжап* (Шоманай), *Жамбасжап*, *Оржап*, *Тағжап* (Шымбай), *Қазақжап* (Қоңырат), *Майжап* (Қанлықөл, Шымбай), *Ханжап* (Хожелі, Қоңырат) т.б.

Оронимлердің ойконимдерге өтуі де жиікездеседі: *Бөріштау елаты* (Тахтакөпір), *Порлытауелаты* (Мойнақ), *Қырантауелаты* (Нөкіс р.), *Ержанатау* ауылы (Кегейлі), *Нәдіроу* ауылы (Шоманай) т.б.

6. Кәсіпке байланысты қойылған атаулар. Топонимдер номинациясынан мәлім болғанындай, географиялық объектлердің аталуында табиғи-географиялық белгілерменбірге қоғамдық-экономикалық факторлар да маңызды орын алады. Бұл топтарға халықтың кәсібімен байланысты аталған ойконимдерді енгізу мүмкін. Мысалы. *Арбашы* ауыл (Шымбай, Нөкіс р.), *Үйшіауыл* (Бозатау, Хожелі, Шымбай), *Арқанишы* ауыл, *Етікшіауыл* (Шымбай), *Құмбыз* ауыл (Хожелі, Шымбай, Шоманай), *Боирашы* ауыл (Қоңырат), т.б.

Аталған орындарда қазір ұсталар, шебер, өнершілер болмауы мүмкін, бірақ олар туралы мәліметтер ойконимдерде сақланып қалады.

7. Идеологиялық характердегі ойконимдер. Мазмұны саяси идея және түсініктермен байланысты ойконимдер микротопонимдерде көп кездеседі. Қарақалпақстан ойконимиясындағы мынадай мекен жайлардың аттарын осы топқа жатқызуға болады: *Бахытлы* (Шымбай, Нөкіс р.), *Бірлешік* ауылы, *Еңбекші* ауылы (Шоманай), *Достық* ауылы (Тақиятас), *Жаңабірлікауылы* (Қоңырат), *Өркенді* ауылы, *Тазақоныс* ауылы (Тахтакөпір), хәм т.б.

Қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер, оның түсінік және идеялары топонимдердің басқа түрлеріне салыстырғанда ойконимдерге көбірек әсер етеді.

8. Әлеуметтік атамаларға байланысты ойконимдер. Бұл топарға лексикалық негізі діни және әлеуметтік белгілерді білдіретін сөздерден болған ойконимдерді жатқызу мүмкін. Мысалы, *Ахун* ауыл (Кегейлі, Шоманай), *Бай* ауыл (Кегейлі, Хожели), *Би* ауыл (Хожели), *Ииан* ауыл (Кегейлі, Шымбай, Нөкіс р.), *Мақсым* ауыл (Кегейлі, Қараөзек, Қоңырат, Шоманай, Шымбай, Нөкіс р.) т.б. Бұндай ойконимдердің мәні ерекшеліктерін талдау халықтың діни көзқарастары, ғұрып-әдеттері, әлеуметтік тұрмысына қатысты болған ұлттық мәдени мәліметтерді біліп алу мүмкіндігін береді.

Қорытынды. Қарақалпақстан ойконимдері осы мекенде өмір сүріп, жасап келе жатқан қарақалпақ халқының көп ғасырлық мол тәжірибелері, бақылаулары негізінде қалыптасқан. Олардың келіп шығуы түркі тілдері соның ішінде қарақалпақ тілі сөз байлығымен тығыз байланысты екенін естен шығармау қажет.

Демек, ойконимдердің номинациясында атау берушілер мекендеп тұрған орталық, қоғам, онда болып жатырған оқиғалар, өзгерістер өз әсерін тигізеді. Аймақ халқының жасау, тұрмыс кешу жағдайлары негізінде қалыптасқан ойконимдер бұның дәлелі. Қарақалпақстанның солтүстік аймақтары ойконимдік материалдарының бір топтары этнонимдік, адам есімі, әлеуметтік белгілер, кәсіпке байланысты аталған. Сондай-ақ, қоғамның қоғамдық түсініктері де ойконимдерде өз көрінісін тапқан.

Әдебиеттер тізімі

1. Басик, С. Н. Общая топонимика [Текст]: учебное пособие для студентов географического факультета. / С. Н. Басик. – М.: БГУ, 2006. – 200 с.
2. Мурзаев, Э.М. Очерки топонимики [Текст] / Э.М. Мурзаев. – М.: Мысль, 1974. – 382 с.
3. Суперанская, А.В. Общая теория имени собственного [Текст] / А.В. Суперанская. – М.: Наука, 1973. – 366 с.
4. Мурзаев, Э.М. География в названиях [Текст] / Э.М. Мурзаев. – Изд. 2-ое, перераб. и доп. – М.: Наука, 1982. – 176 с.
5. Сизова, Е.А. К проблеме классификации топонимических единиц [Текст]: Е.А. Сизова // https://pgu.ru/upload/iblock/7c2/uch_2011_v_00043.pdf
6. Махпиров, В.У. «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского и вопросы тюркской топонимики. Тюркская ономастика [Текст]: Сборник статей / В.У. Махпиров. – Алма-ата: Наука, 1984. – 154-162 с.
7. Орталық Қазақстан жер-су аттары [Текст]. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.
8. Қораев, С. Географик номлар маъноси [Текст] / С. Қораев. – Тошкент: Ўзбекистон, 1978.–203б.
9. Құламанова, З.А. Жамбыл облысы ойконимдері [Текст]: оқу құралы / З.А. Құламанова. – Тараз: Тараз университеті, 2009. – 247 б.

10. Найимов, С.Н. Ойконимы Бухарской области [Текст]: дисс.... канд. филол. Наук / С.Н. Найимов. – Ташкент, 1984. – 190 с.
11. Qoraev, S. Toponimika [Текст]: O‘quv qo‘llanma / S.Qoraev. – Toshkent: O‘zbekiston faylasuflari milliy jamiyati nashriyoti, 2006.– 320 с.
12. Абдимуратов, Қ. Қарақалпақстан топонимикасы [Текст]: Филол. илим. канд. ... дисс. / Қ. Абдимуратов. – Нөкіс, 1966. – 167 с.
13. Холмуратов, И.О. Жанубий Қорақалпоғистон ойконимларининг лисоний тадқиқи [Текст]: Филол.фан.б.фалс.док. ... дисс.автореф. / Холмуратов И.О. – Бухоро, 2020. – 45 б.

Мақала редакцияга 21.03.23 түсті.

М.Д.Курбанов

*Нокиский государственный педагогический институт
г.Нукус, Республика Узбекистан, Каракалпакстан*

К ВОПРОСУ О СЕМАНТИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ОЙКОНИМОВ КАРАКАЛПАКСТАНА

Аннотация. В статье рассматриваются топонимы, ойконимы, их исследование, выявление семантических особенностей с учетом их лексической основы, разработка лингвистической классификации, ее значение. Ойконимы Каракалпакстана были разделены на несколько групп с учетом их семантических особенностей.

Ключевые слова: ономастика, топонимика, топоним, ойконим, лексика-семантика, классификация, номинация.

M.D.Kurbanov

Nukus State Pedagogical Institute St. Nukus, Republic of Uzbekistan, Karakalpakstan

ON THE ISSUE OF SEMANTIC CLASSIFICATION OF OIKONYMS OF KARAKALPAKSTAN

Abstract. The article discusses toponyms, oikonyms, their research, identification of semantic features taking into account their lexical basis, development of linguistic classification, its meaning. The oikonyms of Karakalpakstan were divided into several groups, taking into account their semantic features.

Keywords: onomastics, toponymy, toponym, oikonym, vocabulary-semantics, classification, nomination.

References

1. Basik, S. N. Obshchaya toponimika [General toponymy]: textbook for students of the Faculty of Geography. / S. N. Basik. – M.: BGU, 2006. – 200 p.
2. Murzaev, E.M. Ocherki toponimiki [Essays on toponymy] / E.M. Murzaev. - M.: Thought, 1974. - 382 p.
3. Superanskaya, A.B. Obshchaya teoriya imeni sobstvennogo [General theory of proper name] / A.B. Superanskaya. – M.: Nauka, 1973. – 366 p.
4. Murzaev, E.M. Geografiya v nazvaniyakh [Geography in names] / E.M. Murzaev. – Ed. 2nd, revised. and additional – M.: Nauka, 1982. – 176 p.
5. Sizova, E.A. K probleme klassifikatsii toponimicheskikh yedinits [On the problem of classification of toponymic units] / E.A. Sizov // https://pgu.ru/upload/iblock/7c2/uch_2011_v_00043.pdf

6. Makhpirov, V.U. «Divanu lugat-it-tyurk» Makhmuda Kashgarskogo i voprosy tyurkskoy toponimii. Turkskaya onomastika ["Divanu lugat-it-Turk" by Mahmud of Kashgar and questions of Turkic toponyms]: Collection of articles / V.U. Makhpirov. - Alma-Ata: Nauka, 1984. - p. 154-162.
7. Toponimy Tsentral'nogo Kazakhstana [Place-water names of Central Kazakhstan]. - Almaty: Science, 1989. - 256 p.
8. Koraev, S. Znachenije geograficheskikh nazvaniy [The meaning of geographic names] / S. Koraev. - Tashkent: Uzbekistan, 1978.-203 p.
9. Kulamanova, Z.A. Oykonimy Zhambylskoy oblasti [Oikonyms of Zhambyl region]: educational tool / Z.A. Kulamanova. - Taraz: Taraz University, 2009. - 247 p.
10. Naiimov, S.N. Oykonimy Bukharskoy oblasti [Oikonyms of the Bukhara region]: diss. ... cand. philol. Nauk / S.N. Naimov. - Tashkent, 1984. - 190 p.
11. Qoraev, S. Toponymy [Toponimika]: O'quv qo'llanma / S.Qoraev. – Toshkent: O'zbekiston faylasuflari milliy jamiyati nashriyoti, 2006.– 320 p.
12. Abdimuratov, K. Karakalpakstan toponymics [Toponymy of Karakalpakstan]: Philol. or im. cand. ... diss. / K. Abdimuratov. - Nokis, 1966. - 167 p.
13. Kholmuratov, I.O. Zhanubiy Korakalpoʻiston oikonimlarining lisoniy tadqiqi [Linguistic study of the dialects of Southern Karakalpakstan]: Philol.fan.b.false.doc. ... diss. / Kholmuratov I.O. - Bukhoro, 2020. - 45 p.